

АБЫЛАЙ ХАН АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР
ЖӘНЕ ӘЛЕМ ТІЛДЕР УНИВЕРСИТЕТІ

Тақырыбы: Тілдің таңбалық сипаты

Тілдің таңбалық сипаты тілдің негізгі ерекшеліктерінің бірі болып саналады.




- * *1916 жылы шыққан «Жалпы тіл білімінің курсы» атты еңбегінде Фердинанд де Соссюр тілді таңбалар жүйесі деп қарастырған және оны таңбалардың басқа жүйелерімен салыстырған.*
- * *Тіл – таңбалардың ішіндегі өте маңыздысы. Тілді де, оның элементтерін де (морфеманы, сөзді, сөз тіркесін, сөйлемді) тілдік таңбалар деп білеміз.*

Тілдік таңбалардан басқа таңбалар жүйесінің түрлері: жол бойындағы белгілер, тәскери сигналдар, цифрлар (араб, рим), әріптер т.б.

- * Тілдің немесе тілдік бірліктердің таңбалық сипатына не жатады?
- * 1. Тілдік бірліктер (сөздер) нені білдірсе де жалпылап білдіреді.
- * 2. Сол білдірген нәрсені ойға, санаға тіркейді (тағбалайды) және оны сақтайды, сөйтіп оны келешек ұрпаққа жеткізеді.
- * Тілдің таңбалық сипатына тілдік бірліктердің үш түрлі қызметі жатады: 1) атауыштық қызмет (затқа ат қою, белгілеу, тіркеу, 2) қарым-қатынастық қызмет (бір нәрсені абарлау, пікір алысу), 3) эстетикалық қызмет (сезімге әсер ету – эмоциялық, экспрессивтік қызмет).

Тілдік таңбалардың түрлері:



- * Тілдік таңбаның екі түрлі белгісі бар: еріктілік және шарттылық.
- * Еріктілік және шарттылық дегеніміз – таңба мен сол таңба арқылы белгіленген заттың немесе ұғымның арасында ешқандай табиғи байланыстың жоқтығы. Сондықтан да, бір зат әр тілде әр түрлі сөздермен (әр басқа дыбыстық кешенмен) аталына береді. Ол зат пен оның атауының арасында шартты түрде ғана байланыс болады.





- * **Тілдік таңба мен шартты таңбалардың арасында ұқсастық** : екеуінде де форма мен мазмұн бар, екеуі де – бірдеме жайында “хабарлаудың” құралы. Ал **айырмашылықтары**:
- * 1. Тіл – ойды білдірудің, пікір алысудың, қатынас жасасудың кең көлемде қолданылатын жалпылама құралы. Шартты таңбалардың қолдану өрісі тілге қарағанда әлдеқайда тар, хабарлау мүмкіндігі анағұрлым аз.
- * 2. Тіл мазмұнды ғана білдіріп қоймайды, сонымен бірге, адамның хабарлайтын жайға қатысын, қалай қарайтынын, ұнатуын немесе ұнатпауын, қуанышын немесе қайғысын да білдіреді (эмоциялық-экспрессивтік қызмет). Мұндай қасиет таңбалардың басқа жүйелерінде (мысалы, жол белгілерінде) жоқ.

3. Шартты таңбалар келісім бойынша қолдан жасалады, келісім бойынша өзгертіле алады.

* Мысалы, қазақ тіліндегі Ұ дыбысын алалық. Ол дыбысты біз араб әліпбиін пайдаланып жүрген кезде 9 әріпімен белгілеген едік. Кейін, 1929 жылы латын әліпбиіне көшкенде U әріпімен таңбаладық. 1940 жылы орыс графикасына (кирилицаға) көшкен кезде У әріпімен белгілеген. 1951 жылы аталған дыбысты Ұ әріпімен таңбаладық. Тілдік таңбалар қоғам мүшелеріне бағынышты емес. Тілдік таңбалар қоғам мүшелеріне бағынышты емес. Келісім бойынша емес, тілдің даму заңдары бойынша ғана өзгереді. Мысалы: сарық сарығ сары.

4. Барлық шартты таңбалар сайып келгенде дыбыстық тілге негізделеді, олардың мағыналары тіл арқылы айқындалады, тіл арқылы түсінікті болады.

* Мысалы, бағдаршамның қызыл түсін тіл арқылы: “қызыл шам – өтуге болмайды деген белгі” деп түсіндірмесек, қызыл шам өздігінен еш нәрсені білдіре алмаған болар еді.

* Сонымен, тіл – таңба. Тілдік таңбалардың қызметі, мінң зор, ауқымы кең. Шартты таңбалар тілдік таңбалардың қызметін атқара алмайды.

Тілдік таңбалар:

фонема,

морфема,

сөз тіркесі,

сөйлем